

## Мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сіздерге, «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы 2024 жылғы № 557 «2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың **екінші (аудандық) кезеңі жобамен а.ж. 4-5 желтоқсан күндері өткізу**


~~жоспарлануына:~~

~~ЖЕЛТОҚСАН,~~

*5 желтоқсан- қоғамдық-гуманитарлық бағыты (апелляция 6 желтоқсан). Олимпиаданың басталуы сағат 10.00-де. Олимпиада туралы толық ақпарат (ереже, әдістемелік нұсқаулық) «Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің ресми сайтына жарияланатын болады».*

Олимпиада жалпы білім беру бағдарламасының математика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі, қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, құқық негіздері, химия, биология, география, физика, информатика пәндері бойынша жүргізіледі. *Ескерту, «орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі» пәні бойынша ұлты қазақ емес (екі ата-анасы да қазақ ұлтының өкілі болмауы тиіс) оқушылар қатысады. Қатысушылардың ұлты туу туралы куәлігі арқылы тексеріледі.* Олимпиадаға I (мектепішілік) кезеңнің қорытынды хаттамаларына сәйкес әр пән және сынып бойынша ең жоғары ұпай жинаған бір оқушыны қатыстыру туралы сұраныспен қоса олимпиаданың мектепішілік кезең хаттамасының көшірмесі **2024 жылдың 22 қарашасына** дейін қабылданады. **Н.Садықбекова** ([nazym.sadykbekova.1973@mail.ru](mailto:nazym.sadykbekova.1973@mail.ru)) электронды поштасына жолдауларыңызды сұрайды.

Басшы



М.Сванов

Орынд.Н.Садықбекова



«Бекітемін»

«Дарын» РҒПО директорының м.а.

Н. Жұмагелді

«В.А.Ш.А» 2024 жыл

**2024-2025 оқу жылында  
жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың  
II (аудандық/қалалық) кезеңін ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

**I. Жалпы ережелер**

1. Олимпиада келесі бағыттар бойынша және жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізіледі:

- жаратылыстану-математикалық бағыт (бұдан әрі - ЖМБ) - математика, физика, химия, биология, география, информатика;
- қоғамдық-гуманитарлық бағыт (бұдан әрі - ҚГБ) - қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі, Қазақстан тарихы, құқық негіздері, ағылшын тілі, неміс тілі, француз тілі.

2. Тапсырмаларды «Дарын» РҒПО әдістемелік кеңесі дайындайды. II (аудандық/қалалық) кезеңнің атқарушы органы облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аудандық (қалалық) білім бөлімдері болып табылады.

3. Аудандық, облыстық және қорытынды кезеңдерді өткізу жөніндегі нұсқаулықты «Дарын» РҒПО дайындап, бекітеді. Аудандық/қалалық кезеңінің өткізілуі кезінде сапалы және академиялық адалдықты сақтау үшін жауапкершілік аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің, облыстардың білім басқармаларының, «Дарын» өңірлік орталықтарының басшыларына жүктеледі.

4. Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін облыстың білім басқармасы басшысының келісімімен аудандық (қалалық) білім бөлімінің басшысы ұйымдастыру комитетін (бұдан әрі – аудандық ұйымдастыру комитеті) құрады және бекітеді.

Аудандық ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Төраға болып аудандық (қалалық) білім бөлімінің басшысы айқындалады. Аудандық ұйымдастыру комитетінің құрамы облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармалары басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Олимпиаданың аудандық (қалалық) кезеңінің ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданың аудандық (қалалық) кезеңіне басшылықты жүзеге асырады;

- Олимпиаданың аудандық (қалалық) кезеңін өткізуді ұйымдастырады;

- Олимпиаданы өткізу орнын анықтайды;

Пластмасса – біздің күннің ерекше материалдардың бірі. Бұл материал кең таралған және өндірісі дамыған болып келеді. Іс жүзінде барлық табиғи талшықтар, материалдар мен шайырлардың бүгінде өзінің жасанды алмастырғыштары бар. Қазіргі заманғы көптеген пластмассалардың қасиеттерінің өзі табиғи материалдардан асып түседі.

Олардың көпшілігі табиғатта теңдесі жоқ құнды және маңызды қасиеттерге ие. Пластмасса өндірісі металдар өндірісінен әлдеқайда жылдам дамып келеді.

Пластмасса күрделі органикалық қосылыстарды құрайды. Олардың құрамында бірнеше компоненттер бар. Оның ішіндегі ең маңыздысы жасанды шайыр(смола). Жасанды шайыр конденсация реакциясы немесе полимерлеу реакциясы арқылы алынады. Бірінші жағдайда екі немесе одан да көп заттардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде жаңа зат пайда болады. Сонымен қатар қосымша өнімдер шығарылады (аммиак, су және т.б.). Екінші жағдайда, бір заттың молекулаларының өзара әрекеттестігі жаңа зат-полимерді құрайды. Ал қосымша өнім шығарылмайды. Шайыр пластмасса компоненттерін байланыстырады. Оған икемділік, су тұрақтылығы, қаттылық және басқа да механикалық және электрлік қасиеттерін береді.

1. Мәтіндегі шайырдың пластмассаға беретін қасиетінің бірі

- A) Конденсация
- B) Икемділік
- C) Физикалық
- D) Полимерлеу

2. Мәтін мазмұнына лайықты ақпарат

- A) Жасанды шайыр полиерлеуден алынады.
- B) Табиғи материал пластмассадан асып түседі.
- C) Пластмасса өндірісі қарқынды дамып жатыр.
- D) Пластмасса өндірісі баяу таралып жатыр.

## 2-мәтін

1. Наурыз – парсы сөзі, қазақшасы «Жаңа жыл», «күн» деген ұғымды білдіреді. 22 наурыз – бүкіл Шығыс халықтарының мерекесі. Бұл – күн мен түннің теңелетін, қардың еріп, көктің шыға бастайтын кезі. Наурыз күнін адамдар жаңа жылдың басы – «Ұлыстың ұлы күні» деп атап, зор қуанышпен қарсы алған. Наурыз күні халық таза киініп, бірін-бірі құттықтап, қуаныш дастарқанын барынша мол жаяды.

2. Наурыз – діни мейрам емес, жалпы халықтық мереке. Наурыз – табиғат мейрамы, аса зор салтанат, ұлы жиын. Адамдар бұл күні «бәріміз де табиғат перзентіміз, оны аялайық, бергеніне риза болайық», – дейді. Бұл күні қандай күнә болса да кешірілуге тиіс, жеке адамдар арасындағы бас араздықтар да кешірілуге тиіс. Ерте кезде Орта Азия әкімдері: «Бұл күні Самарқанның көк тасы да жібиді», – деп зынданда жатқан тұтқындардың қол-аяғын босатып, кешірім берген.

3. Бұл күні адамдар бірін-бірі мынадай сөздермен құттықтаған: «Ұлыс құтты болсын!», «Ақ мол болсын!», «Ұлыс береке берсін, бәле-жала жерге енсін!». Сөйтіп, адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады, оның аяғы ойын-сауық, ән-күйге жалғасады.

4. Наурыз көже – азықтың жеті түрінен жасалады. Қазақстанның әр жерінде көженің құрамына салынатын азық-түлік әр түрлі болғанымен, жетіден аспауы керек. Наурыз көженің құрамына бидай, тары, күріш, ет, тұз, сүт, су қосылу керек. Бұған қыстан шыққан қазы, шұжық, сүр ет сияқты сыйлы, сыбағалы мүшелер де қосылады.

3. Мәтінге лайықты тақырып

- A) Наурыз көже құрамы
- B) Наурыз – діни мейрам
- C) Шығыс елінің мерекесі
- D) Салтанатты, ұлы жиын.

4. Мәтін мазмұнының реттілігі

- 1. Ұлы жиын
- 2. Наурыз тілегі
- 3. Ұлыс күні
- 4. Наурыз көже

- A) 3, 4, 1, 2,
- B) 3, 1, 2, 4

- Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңінің өткізілуін үйлестіреді және бақылайды;
- Олимпиаданың қорытындыларын талдайды және қорытындылайды;
- Олимпиаданың қорытындылары туралы ақпаратты облыстың білім басқармасына жолдайды;
- кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингі жасалады;
- іс-шараны өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін мүдделі емес «үшінші тұлғаларды» (ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары) шақырады.

- Олимпиада кезінде Академиялық адалдық қағидаларын сақтауға жауапты.

5. Қазылар алқасы мүшелерінің құрамын және олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысушылардың тізімін облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аудандық (қалалық) білім бөлімдері бекітеді.

6. Олимпиаданың қазылар алқасының құрамы жыл сайын кемінде 30 пайызға жаңартылуы тиіс. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және білім беруді басқару органдарының жоғары білікті өкілдері, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары кіруі мүмкін. **Қазылар алқасының құрамына оқушылары Олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысатын педагогтар мен жаттықтырушылар кірмейді.** Жауапкершілік аудандық ұйымдастыру комитетінің төрағасына жүктеледі.

Олимпиаданың аудандық кезеңінің қазылар алқасы:

- тапсырмаларды бағалау критерийлеріне сәйкес жұмыстарды тексеруді ұйымдастырады;

- аудандық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;

- Олимпиада қатысушылары орындаған тапсырмаларды талқылайды және үйлестіреді;

- Олимпиаданы тексеру және оның қорытындысын шығару кезінде Академиялық адалдық қағидаларының сақталуына жауап береді.

## **II. Олимпиаданы өткізу тәртібі және оны ұйымдастыру**

7. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңі **жобамен 2024 жылғы 4 желтоқсан**, жаратылыстану-математикалық бағыты, **5 желтоқсан** қоғамдық-гуманитарлық бағыты өткізу кестесіне сәйкес бір турда өтеді.

8. Олимпиаданың аудандық кезеңіне 9-11(12) сынып оқушылары қатысады. Тиісті білім деңгейі бар 8-сынып оқушыларына жоғары сынып бағдарламасы бойынша қатысуға рұқсат етілуі мүмкін.

9. «Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі» пәні бойынша ұлты қазақ емес оқушылар қатысады (әкесінің ұлты қазақ болмауы тиіс), ұлты туу туралы куәлігі бойынша сәйкестендіріледі.

10. Оқушы Олимпиадаға тек бір пән бойынша қатыса алады.

11. Олимпиаданы өткізу орны:

- қатысушылардың нақты аумақтық орналасуын ескере отырып тірек мектептер базасында;

- аудандық ұйымдастыру комитетімен анықталады.

12. Олимпиаданы өткізу рәсімдері бойынша ұйымдастыру комитетінің кеңесі іс-шараға бір күн қалғанда өткізілуі тиіс. Жиналыста аудандық ұйымдастыру комитетінің төрағасы Олимпиада кезінде жауапты тұлғалар мен кезекшілерге нұсқама беріп, жауапты тұлғалардың міндеттерін нақты бөле отырып, аудандық тур өткізу туралы бұйрық береді. Ұйымдастырушы аудиторияда және дәліздерде кезекшілікті қамтамасыз етуге міндетті. Аудитория бойынша кезекші мұғалімдер Олимпиада бейіні бойынша пән мұғалімдері болмауы тиіс. *1,2,3 – қосымша.*

Олимпиадаға қатысатын оқушылардың білім беру ұйымының әрбір басшысы оқушының өмірі мен қауіпсіздігіне жауапты жетекшінің сүйемелдеуімен оқушыларды іссапарға жіберу туралы бұйрық шығаруы тиіс.

13. Олимпиада өткізілетін орындардағы ұйымдастыру комитеттері қатысушыларды уақытылы хабардар етуге, қадағалауға, қажетті жабдықтармен және керек-жарақтармен қамтамасыз етуге жауапкершілік етеді.

14. Жергілікті жерлерде Олимпиаданы өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін жергілікті «Дарын» өңірлік орталығының өкілі, мүдделі емес «үшінші тұлға» (ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары) қатысуға құқылы.

15. Олимпиаданың екінші кезеңінің ашықтығын және академиялық адалдығын сақтау үшін оны өткізу процесін онлайн режимінде қарау үшін бейне бақылау жүйесімен (бір аудиторияда кемінде жалпы көріністі алатын екі камера) қамтамасыз етіледі.

16. Әрбір қатысушыға Олимпиаданы өткізуге қойылатын талаптарға сәйкес әрбір жалпы білім беретін пән бойынша жұмыс орны, тиісті пән бойынша тапсырмалардың басып шығарылған нұсқасы және жауаптар үшін бланкілер беріледі. Олимпиадаға қатысушылардың жұмыс орындары қатысушыларға тең жағдайларды қамтамасыз етуі және Олимпиаданы өткізу кезінде қолданылып жүрген санитарлық эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес келуі тиіс.

17. Қатысушылар тапсырмалар мен жауап бланкілерін республика бойынша бірыңғай уақытта алады.

18. Қатысушыларға тапсырмаларды ұжымдық шешуге, сондай-ақ тапсырмаларды бөгде адамдарға беруге тыйым салынады. Әлеуметтік желілерде немесе интернет-ресурстарда қатысушы таңбаланған Олимпиаданың тапсырмалары анықталған жағдайда, тапсырмалардың нәтижелерін тарату фактісі анықталған уақытқа қарамастан жұмыстар жойылады. Бұзушылықтар болған жағдайда тапсырмалардың сақталуы мен құпиялылығы үшін барлық жауапты тұлғалар жауапқа тартылуға тиіс.

19. Олимпиада басталғанға дейін әрбір жалпы білім беретін пән бойынша ұйымдастыру комитетінің өкілі олимпиада қатысушыларына нұсқама өткізеді.

20. Олимпиада турларын өткізу кезінде қатысушыларға бір-бірімен сөйлесуге, аудитория бойынша еркін жүріп-тұруға тыйым салынады. Қатысушылар тапсырмаларды орындау кезінде әрбір жалпы білім беретін пән бойынша ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптарда айқындалған тізбеле көрсетілген анықтамалық материалдары мен электрондық-есептеу техникасы болуға құқылы.

21. Қатысушы осы тәртіпті және (немесе) әрбір жалпы білім беретін пән бойынша олимпиаданы ұйымдастыруға және өткізуге бекітілген талаптарды бұзған жағдайда, Олимпиаданы ұйымдастырушының өкілі қатысушыны шеттету туралы акт жасай отырып, осы қатысушыны аудиториядан шығаруға құқылы.  
*4-қосымша.*

22. Тур аяқталғаннан кейін жауапты тұлға (IT-маман) көпфункционалды құрылғыға жауап парақтарын сканерлейді. Файл атауын дұрыс толтыра отырып, IT-маман жұмыстың сканерленген нұсқасын әрі қарай шифрлауға, сайтқа жариялауға және қазылар алқасына тексеру үшін «Дарын» өңірлік орталығының жалпы Google дискісіне жүктейді. Жұмыстарды сканерлеу және шифрлау процесі қатысушы өз жұмысын тапсырған және онлайн режимінде көру үшін бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген аудиторияда өтуі керек.

23. Сканерлеу аяқталғаннан кейін кезекші жауап парақтары мен шимай парақтарын мөрлейді және ұйымдастыру комитетінің өкіліне тапсырады.

24. Олимпиада туры аяқталғаннан кейін аудандық кезеннің қазылар алқасы:

- бағалау үшін Олимпиадаға қатысушылардың шифрланған (иесіздендірілген) олимпиадалық жұмыстарын қабылдайды;

- орындалған Олимпиадалық тапсырмаларды жарияланған критерийлер мен бағалау әдістемелеріне сәйкес бағалайды;

- youtube каналы трансляциясы мен бейне жазбаны пайдалана отырып олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарына байланысты апелляцияны офлайн форматында жүргізеді;

- Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;

- Олимпиада ұйымдастырушысына нәтижелерді (хаттамаларды) және оларды бекіту үшін есептерді ұсынады.

25. Олимпиаданың таза және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында қазылар алқасы мүшелерінің жұмыстарды тексеру процесін онлайн режимінде көру үшін бейнебақылау жүйесі қамтамасыз етеді.

26. Интернетте немесе әлеуметтік желілерде тапсырмаларды таратуға жол берілмейді.

27. Қатысушылардың жауап парақтары Олимпиаданың соңғы кезені аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

28. Тур аяқталғаннан кейін дұрыс жауаптар «Дарын» РҒПО <https://daryn.kz> интернет-ресурсында орналастырылады.

29. Хаттамаға қатысушылардың шифрланған жеке нәтижелерін ұпайлардың кемуіне қарай орналастырылып, қатысушылардың рейтингтік тізімі (Microsoft Excel бағдарламасында) (бұдан әрі - рейтинг) енгізіледі. Турлардың нәтижелері бар хаттамалар облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының сайтында жарияланады.

30. Олимпиадаға қатысушылар өздерінің дербес деректерін өңдеуге, орындалған тапсырмаларды жинауға, жүйелеуге, сақтауға, аудиожазба мен бейне түсірілімді жүргізуге және сақтауға, қатысушылардың шифрланған жұмыстарын, олимпиада нәтижелері бар хаттамаларды және турлардың бейне жазбаларын жариялауға келісім береді. Ұйымдастырушылар олимпиада басталғанға дейін қатысушылардың ата-аналарынан немесе заңды қамқоршыларынан келісім алуы керек. *5 - қосымша.*

31. Тур өткізілгеннен кейін тапсырмаларды талдау, үйлестіру және әр пән бойынша апелляция жүргізіледі.

32. Жұмысты объективті бағалау құқығын қамтамасыз ету мақсатында Олимпиадаға қатысушылар әр тапсырмаға/тармаққа/бөлімге келіспеу себептерін көрсете отырып, белгілі бір өтініш нысанын толтырып, қойылған ұпайлармен келіспеу туралы апелляцияға беруге құқылы. Апелляция және үйлестіру келесі күні офлайн режимінде өтеді. *6 - қосымша.*

33. Апелляцияға қазылар алқасының мүшелері мен Олимпиада қатысушысы қатысады. Ата-аналар, мұғалімдер және басқа адамдар сүйемелдеуге рұқсат етілмейді.

34. Апелляцияны қарастыру нәтижелері бойынша олимпиаданың қазылар алқасы апелляцияны қабылдамау, қойылған ұпайларды сақтау немесе апелляцияны қанағаттандыру және ұпайларды түзету туралы шешім қабылдайды. Апелляция нәтижелері қорытынды хаттамада көрсетіледі.

### **III. Қорытынды ереже**

35. Олимпиаданың екінші кезеңіндегі жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны әрбір пән мен сынып бойынша олимпиадаға қатысушылардың жалпы санының 45 пайызын құрайды. Олимпиада жеңімпаздары қазылар алқасының шешіміне сәйкес аудандық (қалалық) білім бөлімі басшысының қолымен I, II және III дәрежелі дипломдар мен марапатталады.

36. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төменгі деңгейге сәйкес келетін бірдей балл санын жинаған жағдайда, жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны қазылар алқасының шешімі бойынша ұлғаяды.

### Жауапты тұлғаға арналған нұсқаулық

Олимпиада басталғанға дейін бір күн бұрын жауапты қызметкерге тапсырмалар енгізілген сайтқа кіруге арналған логин мен пароль жіберіледі.

Әр өңірде таңбаланған тапсырмалар мен жауап бланкілері болады (тапсырмалардың тарап кетуіне жол бермеу үшін). Шешімдер (жауаптар) жауап парағында толтырылуы тиіс. «Дарын» РҒПО жауап парақтарын «Дарын» өңірлік орталықтарының жауапты қызметкерлеріне қағаз форматта дайындау үшін жібереді.

Олимпиада басталарға дейін **1,5 сағат** бұрын тапсырмалар <https://ro.daryn.kz> сайттыңда қолжетімді болады.

Тапсырмаларды қатысушылар жауап парағына көк түсті автоқаламмен орындайды.

Олимпиада аяқталғаннан кейін ауданның барлық тірек мектептерімен қатысушылардың жұмыстарын тексеру басталады. Жұмыстарды тексеру тур аяқталғаннан кейін 16 сағат ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

### Аудиториядағы (кабинеттегі) кезекшіге арналған нұсқаулық:

1. Олимпиада басталғанға дейін кемінде 60 минут бұрын Олимпиаданы өткізу орнына келу;

2. аудиторияның (кабинеттің) дайындығын алдын ала тексеру (кезекшілік, изолятордың, медициналық көмек көрсету үшін жеке кабинеттің болуын қамтамасыз ету).

3. кабинеттің жалпы көрінісін көрсететін камераның болуын алдын ала тексеру, яғни аудандық білім бөлімінің youtube каналында бейне трансляцияны қамтамасыз ету;

4. Олимпиада басталғанға дейін 15 минут бұрын қатысушыларды аудиторияға кіргізу (бекітілген тізімге сәйкес);

5. Олимпиадаға қатысушыларды бір мектеп пен сыныптың екі қатысушысы қатар отырмайтындай етіп отырғызу;

6. Олимпиадаға қатысушыға арналған нұсқаулықты екі тілде дауыстап оқу  
3-қосымша;

7. Олимпиадалық тапсырмаларды орындау уақыты кезінде аудиторияда тәртіпті қамтамасыз ету;

8. Олимпиада кезінде қатысушы ауырып қалса, оны кезекші мұғалімге дәлізге шығарып, медицина қызметкерін шақыру;

9. Олимпиада аяқталуға 30 минут және 10 минут қалған уақыт туралы хабарландыру жасау;

10. қатысушы Олимпиаданы өткізу ережелерін бұзған жағдайда оны шеттету рәсімін жүзеге асыру;

11. қатысушыны шеттету туралы Акт жасау (шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді. Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған «қол қоюдан бас тартты» деген жазба енгізіледі. Олимпиада пәні бойынша қатысу нәтижелері жойылады). 4 - қосымша;

12. уақыт өткеннен кейін қатысушылардың жауап парағын жинап, сканерлеуге IT-маманға беру;

13. сканерлеуден кейін жауап парағының қағаз нұсқасы мен шимай парағын жинап, жинақтау күнін және уақытын қойып «Дарын» өңірлік орталығына жіберу;

14. бланктері бар конверт олимпиаданың қорытынды кезеңі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

#### **Олимпиада турын өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:**

1. кез келген ақпаратты электронды түрде пайдалануға, электрондық құрылғыларды, жеке компьютерлерді, мобильді және интернет байланыс құралдарын пайдалануға;

2. қатысушылар арасындағы әңгімелерге;

3. орнынан тұруға;

4. басқа қатысушының орнынан орнына ауыстыруға;

5. қатысушылар арасында кез-келген материалдар және заттармен алмасуға;

6. анықтамалық материалдарды, шпартгалкаларды, оқулықтарды пайдалануға.

#### **Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылаушыға арналған нұсқаулық:**

1. Олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңінің байқаушысын аудандық білім бөлімі ата-аналар комитеті, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары (мүдделі емес тұлғалар) арасынан тағайындайды;

2. бақылаушы Олимпиада өтетін жерге олимпиада басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын келуі тиіс;

3. нұсқаулыққа сәйкес Олимпиаданың адал және объективті ұйымдастырылуын бақылау;

4. тәртіп бұзылған жағдайда ұйымдастыру комитеті тарапынан бұзушылық туралы хаттама жасау және оны «Дарын» өңірлік орталығына жіберу;

5. жауап парағының қағаз нұсқаларын тексергеннен кейін «Дарын» өңірлік орталығына жіберу.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша техникалық нұсқаулық**

Өңірлік ұйымдастыру комитетінің басшысы Олимпиада басталғанға дейін қатысушылардың қауіпсіздігі пен құпиялылығы үшін, сондай-ақ логиндер мен парольдерді және жауап парақтарын алуына жауап беру үшін дербес жауапты болатын тұлғаны тағайындайды.

Техникалық турдың логиндері мен парольдері жауапты тұлғаға дербес электрондық поштаға жіберіледі.

Аудандық ұйымдастыру комитетінің басшысы Олимпиаданы техникалық сүйемелдеу үшін жауапты IT-маманды тағайындайды.

Тур аяқталғаннан кейін жауапты тұлға (IT-маман) көпфункционалды құрылғыға немесе тиісті Мобильді қосымшаларды (Cam Scan, Adobe Scanner) пайдалану арқылы жауап бланкілерін сканерлейді. Сканерлеу аяқталғаннан кейін барлық жауап парақтарын және шимай парақтарын мөрлеп, ұйымдастыру комитетінің өкіліне тапсырады. Қатысушылардың жұмыстарының түпнұсқалары электрондық қоймада сақталады.

Жұмыстың сканерленген нұсқасын жауапты қызметкер файл атауын дұрыс толтырып одан әрі шифрлауға, сайтқа жариялауға және қазылар алкасын тексеруге желідегі жойылған папкаға жүктейді.

Қатысушының жұмыстары жүктеліп, олардың сақтау орнына түскендігі туралы растау алғаннан кейін IT-маман қатысушының сканерленген жұмыстарын компьютерден біржола жоюы қажет.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңінің қатысушысы үшін нұсқаулық**

***Құрметті олимпиада қатысушылары!***

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші(аудандық/қалалық) кезеңі 9-11 (12) сыныптар үшін бір турда классикалық олимпиадалық тапсырмалар нысанында өткізіледі.

Тапсырмалардың орындалу уақыты тапсырмалар мәтінінде көрсетілген.

Тапсырмаларды қатысушылар жауап бланкісінде көк түсті автоқаламмен орындайды.

Олимпиада аяқталғаннан кейін қатысушы бланкілерді IT-маманға сканерлеу үшін тапсырады.

**Олимпиадаға қатысушылар құқылы:**

- қатысушылардың жұмыс орнында қажетті және рұқсат етілген кеңсе тауарлары (жазу құралдары, жапсырмасыз мөлдір бөтелкедегі ауыз су және шоколад) болуына;

- әр тапсырмаға/тармаққа/бөлімге келіспеу себептерін көрсете отырып, белгілі бір өтініш нысанын толтыра отырып, қойылған ұпайлармен келіспеу туралы апелляцияға беруге құқылы. Апелляция және үйлестіру келесі күні жүргізіледі.

- Апелляцияға ата-аналардың, мұғалімдердің және басқа адамдардың сүйемелдеуіне рұқсат етілмейді.

- Олимпиадаға қатысушылар сайыс кезінде аудиториядан дәлелді себеппен (санитариялық бөлмеге, медициналық кабинетке) шыға алады, алдын-ала олимпиада жұмысын аудиториядағы жауапты ұйымдастырушыға кезекшінің сүйемелдеуімен тапсыра алады. Аудиториядан қажетіне қарай шыққан кезде қосымша уақыт берілмейді.

- Олимпиада уақыты аяқталғаннан кейін міндетті түрде ұйымдастыру комитетінің мүшелеріне жауап парағы мен шимай парағын тапсырып, аудиториядан шығу керек. Олимпиада материалдарын мерзімінен бұрын тапсыруға рұқсат етіледі.

**Олимпиада турың өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:**

1. кез келген ақпаратты электрондық түрде қолдануға, жеке компьютерлерді, мобильді және интернет байланыс құралдарын пайдалануға;

2. қатысушылар арасында әңгімелерге;

3. орнынан тұруға;

4. қатысушылардың орыннан орынға ауысуына;

5. катысушылар арасында кез-келген материалдармен және заттармен алмасуға;

6. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалануға.

Жарыска катысу ережелерін бұзған немесе оларды сақтаудан бас тартқан жағдайда катысушы Олимпиадаға катысуды жалғастыру құқығынан айырылады.

Шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және катысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді және Олимпиада пәні бойынша катысу нәтижелері жойылады.

Фото, бейне түсірілім және жеке деректерді өңдеу бойынша  
КЕЛІСІМ

Қ. \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024жыл

Мен, \_\_\_\_\_ (Ата-анасының немесе заңды өкілінің аты-жөні) қайтарымсыз фото және бейне түсірілімге, сондай-ақ фото және бейне материалдарды пайдалануға өз келісімімді беремін \_\_\_\_\_ (Баланың аты-жөні), тек келесі мақсаттар бойынша:

1) жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың екінші (аудандық/қалалық) кезеңінің онлайн бейне көрсетіліміне;

2) интернет-ресурстарда материалдарды орналастыруға.

Мен фонның сапасын жақсарту және өзгерту үшін фото және бейне материалдарды өңдеуге болатындығы туралы хабардар болдым.

Бұл келісім менің жазбаша өтінішім бойынша кез-келген сәтте кері қайтарып алынуы мүмкін.

Мен осындай келісім бере отырып, өз еркіммен және өз мүдделеріммен әрекет ететінімді растаймын.

\_\_\_\_\_ (Қолы)

\_\_\_\_\_ (Қолтаңбаны толық жазу)

(күні)

**Олимпиада қатысушыларының  
апелляцияға беру өтінішінің үлгісі**

Республикалық олимпиаданың \_\_\_\_\_ (пәні) бойынша  
қазылар алқасының төрағасына

\_\_\_\_\_

(білім беру мекемесінің толық атауы))  
сынып оқушысы

\_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні)

**Өтініш**

Республикалық \_\_\_\_\_ олимпиаданың \_\_\_\_\_ аудандық/қалалық \_\_\_\_\_ кезеңінде  
\_\_\_\_\_ пәні бойынша маған қойылған ұпаймен келіспегендіктен,  
менің тапсырмамның тексеру нәтижелерін қайта қарауыңызды өтінемін.

Өтініш негіздемесі (қатысушының пікірі бойынша, неғұрлым жоғары  
бағалауға мүмкіндік беретін дәлелдер).

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Мерзімі: \_\_\_\_\_ 2024 жыл

Қолы \_\_\_\_\_ Аты-жөні \_\_\_\_\_